

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**  
**Заң факультеті**  
**Қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы**

Заң факультеті  
Ғылыми кеңесінің мәжілісінде бекітілді  
№\_\_хаттама «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 2015 ж.

Факультет деканы Байдельдинов Д.Л.

---

**Мамандық БМ030100 - «Құқықтану»**

**СИЛЛАБУС**

**ҚР қылмыстық, қылмыстық- іс жүргізу заңнамасын жетілдіру мәселелері**

2 курс, к/б, 3 семестр (күзгі), кредит саны 3, пәннің түрі (таңдаулы)

**Оқытушының Т.Ә.А: з.ғ.к., профессордың м.а. Атаханова Гүлзағира Махатқызы**  
Телефон: 8 7015099965  
e-mail: atakan73@mail.ru  
каб.: 428

**МОДУЛЬ ПАСПОРТЫ**

«ҚР заңнамасын қолданудың теориялық және тәжірибелік мәселелері» модулі бойынша оқу-әдістемелік кешені заң факультетінің магистранттарына арналған

**ОМК екі модульдық блоктан тұрады:**

- 1.– Қазіргі таңдағы қылмыстық заңның тәжірибесі 2 кредит
2. –Қылмыстық заңның жүйесі 1 кредит

**Бірінші модульдық блокта** қылмыстық заңның қазіргі таңдағы даму тенденциялары, салыстырмалы деңгейде шет ел мемлекеттерінің қылмыстық құқығын салыстыру, қазіргі таңдағы қылмыстық құқықтың шеңбері, шет мемлекеттердің қылмыстық құқық жүйесінде алатын орны туралы, салыстырмалы қылмыстық құқықтың субъектілері туралы, қылмыстық құқықтың табиғаты мен мазмұны туралы білім беріледі.

**Екінші модульдық блокта** Қазіргі қылмыстық заңның жүйелері туралы, олардың классификация мәселелері туралы, Романо-германдық (континентальдық) құқықтық жүйе туралы, англо-американдық құқықтық жүйедегі Үнді моделі, австралия моделі, сондай-ақ, мұсылман деликті құқығы мәселесі, ТМД мемлекеттерінің, Болгария, Босния және Герцоговина, Куба, Чехия, Венгрия, Черногория мемлекеттерінің заңнама жүйесі, романо-германдық жүйе түрлері: француздық, германдық, италияндық, ТМД елдері. Салыстырмалы қылмыстық құқық мәселесі бойынша әлемдік жүйелерді салыстыру.

**Модульды меңгеру мақсаты-** магистранттарға қылмыстық заңды қолданудың теориясы мен тәжірибесі пәнінен тиянақты білім беру, әлемдік деңгейде қылмыстық құқықтың жалпы ережелері мен қағидаларын ұғыну, сондай-ақ, албания, Андорра, Беларусь, Германия, Узбекистан мемлекеттерінің қылмыстық заңнамалары бойынша жаза, оның негізгі ұғымдары мен институттары, қылмыстық заңдардың міндеттері жөнінде, шет мемлекеттердің тәжірибесіне көбірек назар аудару, қылмыстық заңның мезгілге және

кеңістікке қарай қолданылуы, қылмыстың түсінігі және іс әрекеттің қоғамға қауіптілігін және құқыққа қайшылығын жоятын мән-жайлар т.б. толық түсінік береді.

**Модуль міндеттері:** Болашақ заңгерлер қылмыстарды дұрыс саралауды, оларды шетел практикасын қолдануға үйрету, жеке адамдардың әрекетінде немесе әрекетсіздігінде қылмыстың нақты құрамының барын анықтауды, кінәліге жаза тағайындауды қолданып жүрген қылмыстық заңға сәйкес қолдануды, сол сияқты адамды қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатудың заңда көрсетілген негіздері мен шарттарын нақты, терең біліп үйрену. Магистранттардың жалпы білімділігін арттыру, қылмыстық құқық қызметіне байланысты сауаттылығын және жеке шығармашылық мүмкіндігін дамыту.

***Осы модульдарды меңгеру нәтижесінде магистранттар білу керек:***

- қылмыстық заңның жүйесін салыстыру, қылмыстық заңнаманың даму тарихын және қазіргі Қазақстанның жүйесін көрсететін қылмыстық құқықтың теориялық және тәжірибелік жақтарының басты және өзекті аясын;
- қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық әрекеттерді саралау ережелерін және жеке қылмыс құрамдарының ерекшеліктерін;
- қылмыстық заңдарды қолданудың негізгі мәселелерін білуі керек;
- танымның ғылыми әдістерін пайдалана алу;
- қылмыстық құқықтың негізгі категорияларын және қылмыстық заңнаманы қолдану тәжірибесін зерттеу және бағалауда ғылыми және өзіндік көзқарастарды қалыптастыру;
- қылмыстық құқықтың негізгі ағымдары мен өзекті мәселелерін көрсете білуі,;
- талдау, дербес және сынап ойлау, тиімді құқықты қолдану қызметі үшін белгілі бір әдістемелік базаны меңгеруі керек.

***Қалыптасатын компетенциялар.*** Бұл модульдарды оқу нәтижесінде келесідей компетенциялар қалыптасады

***Жалпы:***

- қылмыстық заңның құрылымын түсіну қабілеттілігі, алынған көлем бойынша концепция жасау
- оқу және ғылыми-зерттеу қызметіне пайдалану үшін пәнаралық концепцияларды жасау
- тиімді ауызша және жазбаша коммуникация жүргізу қабілеті
- жеке қретивті және шығармашылық қабілеттілікті теориялық және практикалық зерттеулерде қолдану үшін дамыту
- салыстырмалы қылмыстық құқық мәселелері бойынша өз көзқарасын білдіру қабілеті
- сыни көзқарастарға сын көзбен қарау мүмкіндігі
- жария талқылауларға қатысу қабілеті
- командада, ұжымжа жұмыс жасау қабілеті
- қорытындылар жасау және өзінің дұрыс көзқарастарына сендіре білу
- өз бетінше қызмет етуге дайындығы, адамдармен ресми және ресми емес жағдайда тілтабысу
- Ғылыми-зерттеулерге саралау жасау
- Ұйымдастырушылық қабілеттілігін жетілдіру

***Пәндік***

- Қылмыстық заңның теориялық қағидалары мен әдістерін білу
- Қазіргі таңдағы шет ел қылмыстық құқығының даму перспективасын бағалау
- Басқа да мемлекеттердің қылмыстық құқығы туралы
- Салыстырмалы қылмыстық құқықтағы ғылыми зерттеулерді жүргізе білу

- Салыстырмалы қылмыстық құқықтағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру, жоспарлау, және жүзеге асыру әдістерін білу
- Ауызша және жазбаша презентациялар жасау
- Сабаққа жүйелі түрде дайындалуға

**Пререквизиттер:** қылмыстық құқық, конституциялық құқық, мемлекет және құқық теориясы, әкімшілік құқық.

**Постреквизиттер:** кримнология, қылмыстарды саралау, қылмыстық атқару құқығы.

### ПӘННІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН МАЗМҰНЫ

Апта	Тақырыптың аталуы	Сағат саны	Бағасы
<b>1 Модуль. Қазіргі таңдағы қылмыстық заңның тәжірибесі</b>			
1	1 дәріс. Кіріспе. Қазақстан Республикасы және шет елдердің қылмыстық құқығының ұғымы, әдістері, міндеттері, қағидалары және жүйесі жөніндегі теориялар	2	0 балл
	1 семинар сабағы. Қазақстан Республикасы және Шет елдердің қылмыстық құқығының ұғымы, әдістері.	1	5 балл
2	2 дәріс. Дүниежүзілік кеңістіктегі қылмыстық құқық ғылымының негізгі бағыттарының пайда болу және дамуының тарихи аспектілері	2	0 балл
	2 семинар сабағы. Дүниежүзілік кеңістіктегі қылмыстық құқық ғылымының негізгі бағыттарының ерекшеліктері.	1	5 балл
3	3 дәріс. Қазақстан Республикасының және шет елдердің қылмыстық құқығының негізгі қайнар көздері	2	0 балл
	3 семинар сабағы. 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. 2. Халықаралық конвенциялар. 3. Қылмыстық заң.	1	5 балл
	1 МӨЖ. Қазіргі таңдағы қылмыстық-құқықтық жүйені жіктеу мәселесі. Тұлғалық-бағдарлық.		15 балл
4	4 дәріс. Салыстырмалы қылмыстық заңды теориялық тұрғыдан талдау мәселесі (Өзекті дәріс)	2	0 балл
	4 семинар сабағы. Қылмыстық заңды қолданудың теориялық мәселесі. Қылмыстық заңның түсінігі және оның басты белгілері. Қылмыстық заңның құрлысы. Диспозиция, Санкция. Гипотеза. Қылмыстық заңның кеңістіктегі күші.	1	5 балл
5	5 дәріс. ҚР Қылмыстық құрамын талдаудағы теориялық мәселелер (Өзекті дәріс)	2	0 балл
	5 семинар сабағы. 1. Қылмыс құрамының объективтік және субъективтік белгілері. 2. Кінә мәселесі	1	5 балл
	2 МӨЖ. Қазіргі таңдағы жаза жүйесін қолданудың шет мемлекеттердің жүйесімен салыстыру. Тұлғалық-бағдарлық.		15 балл
6	6 дәріс. Қылмыстық жауаптылықтың негізі және қылмыс құрамының қылмысты саралаудағы ерекшеліктері	2	0 балл
	6 семинар сабағы. Қылмыстық жауаптылықтың түсінігі.	1	5 балл

	Қылмыстық жауаптылық мәселесі.		
7	7 дәріс. Іс-әрекеттің қылмыстылығын жоятын мән-жайлардың теориялық мәселесі. Оларды талдау. (Өзекті дәріс)	2	0 балл
	7 семинар сабағы. Қажетті қорғану, аса қажеттілік, физикалық және психикалық мәжбүрлеу.	1	5 балл
	3 МӨЖ. Әлемдік және аумақтық қылмыстар мәселесі. Тұлғалық-бағдарлық.		15 балл
7	<b>1 Аралық бақылау Реферат, жеке жоба, топтық жоба</b>	<b>7 апта</b>	<b>20 балл</b>
	<b>Балл</b>		<b>100</b>
	<b>Midterm exam.</b>	<b>8 апта</b>	<b>100</b>
<b>2 Модуль. Қылмыстық заңның жүйесі</b>			
8	8 дәріс. Жаза жүйесінің теориялық аспектілері. Оларды Германия, Англия, Словакия мемлекеттерінің жаза жүйесімен салыстыру	2	0 балл
	8 семинар сабағы. Жаза түрлері. Жаза түрлерін шет мемлекеттер практикасымен салыстыру.	1	4 балл
9	9 дәріс. Қасақана қылмысты істеу сатылары.	2	0 балл
	9 семинар сабағы. Қылмысты істеу сатыларының түсінігі және оның түрлері.	1	4 балл
10	10 дәріс. Қылмысқа қатысу	2	0 балл
	10 семинар сабағы. Қылмысқа қатысудың түсінігі және маңызы. Қатысушылардың түрлері.	1	4 балл
	4 МӨЖ. Терроризмнің халықаралық деңгейі. Тұлғалық-бағдарлық.		15 балл
11	11 дәріс. Терроризм мен діни экстремизм жағдайы. Қазіргі таңдағы терроризм мен діни экстремизм қылмыстарына жаза қолдану (Өзекті дәріс)	2	0 балл
	11 семинар сабағы. Терроризм мен діни экстремизм түсінігі және оларды шет ел заңнамаларына сәйкес анықтау	1	4 балл
12	12 дәріс. Экономикалық қылмыстардың қазіргі таңдағы деңгейі	2	0 балл
	12 семинар сабағы. Экономикалық қылмыстардың теориялық мәселелері		4 балл
	5 МӨЖ. Трансұлттық қылмыстардың аумақтық деңгейі. Тұлғалық-бағдарлық.		15 балл
13	13 дәріс. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқықтық режимінің ұғымы.	2	0 балл
	13 семинар сабағы. Кәмелетке толмағандар үшін қолданылатын жаза жүйесі.	1	4 балл
14	14 дәріс. Жеке адамға қарсы қылмыстар институтының теориялық тұстары (Өзекті дәріс)	1	0 балл
	14 семинар сабағы. Жеке адамға қарсы қылмыстардың жалпы сипаттамасы. Адам өлтіру, денсаулыққа зиян келтіру қылмыстарын саралау проблемалары.	2	4 балл
	6 МӨЖ. Терроризммен діни экстремизммен күресу шаралары. Тұлғалық-бағдарлық.		15 балл

15	15 дәріс. Меншікке қарсы қылмыстар институтының қылмыстық құқықтағы маңызы	1	0 балл
	15 семинар сабағы. Меншікке қарсы қылмыстардың түсінігі және түрлері.	2	4 балл
	<b>2 Аралық бақылау Реферат, жеке жоба, топтық жоба</b>	<b>15 апта</b>	<b>23 балл</b>
	<b>Балл</b>		<b>100</b>
<b>БАРЛЫҒЫ:</b>			
	<b>1 АБ+2АБ</b>		<b>200</b>
	<b>Midterm exam.</b>		<b>100</b>
	<b>Емтихан</b>		<b>100</b>
	<b>Барлығы</b>		<b>400</b>

### ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

#### Негізгі:

1. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық.-Алматы: Жеті Жарғы, 2011.- 260 б.
2. Ағыбаев А.Н. ҚР Қылмыстық кодексіне түсінік.- Алматы: Жеті Жарғы: 2015.- 647 б.
3. Додонов В.Н. Сравнительное уголовное право. – Москва: Юрлитинформ, 2012.- 203 с.
4. Уголовное право зарубежных государств.- М., 2010.- 725 с.
5. Уголовное право Франции.- М., 2012.- 247 с.
6. Уголовное право Германии.- М., 2011.- 235 с.
7. Уголовное право зарубежных государств.- М., 2012.- 405 с.
8. Решетников Ф.М. Правовые системы стран мира.- М.: Юрид. лит., 2013.- 311 с.
9. Крылова Н.Е., Серебренникова А.В. Уголовное право современных зарубежных стран.- М., 2011.- 345 с.

#### Қосымша әдебиеттер:

1. Теория государства и права: Курс лекций в 2-х т.- М., 2013.- 214 с.
2. Преступление и наказание в Англии, США, Франции, ФРГ и Японии: Общая часть уголовного права.- М., 2011.- 286 с.
3. Лукашук И.И., Наумов А.В. Международное уголовное право.- М., 2012.- 246 с.
4. Решетников Ф.М. Особенная часть уголовного права зарубежных государств: Учеб. Пособие.- М., 2014.- 342 с.
5. Давид Р., Жоффре – Спинози К. Основные правовые системы современности.- М., 2012.- 285 с.
6. Зайчук О.В. Правовая система США.- Киев, 2012.- 256 с.
7. Кросс Р. Прецедент в английском праве.- М., 2011.- 201 с.
8. Никифоров Б.С., Решетников Ф.М. Современное американское уголовное право. - М., 2010.- 235 с.
9. Крылова Н.Е. Основные черты нового уголовного кодекса Франции. - М., 2011.- 232 с.
10. Нерсесян А.А. Вопросы наказуемости в уголовном праве ФРГ и США.- М., 2012.- 211 с.

**Аралық бақылауға дайындық сұрақтары****1. Аралық бақылау****Тақырыптары:**

1. Салыстырмалы қылмыстық құқықтың түсінігі және жүйесі.
2. Салыстырмалы қылмыстық құқықтың әдістері, міндеттері, қағидалары.
3. Дүниежүзіліктегі кеңістіктегі қылмыстық құқық ғылымының негізгі бағыттарының пайда болу және дамуының тарихи аспектілері.
4. ҚР және шет елдердің қылмыстық құқығының негізгі қайнар көздері
5. ҚР Қылмыстық заңды теориялық тұрғыдан талдау мәселесі.
6. ҚР қылмыстық заңындағы және шет мемлекеттердегі қылмысқа қатысуды салыстыру.

**Бақылау нысаны: жазбаша****2. Аралық бақылау****Тақырыптары:**

1. Шет мемлекеттердегі бұйрықты немесе өкімді орындаудың теориялық мәселесі.
2. ҚР салыстырмалы қылмыстық құқығындағы күштеп және психикалық мәжбүрлеудің теориялық мәселесі.
3. Салыстырмалы қылмыстық құқықтағы бас бостандығын шектеумен немесе айырумен байланысты жазалар.
4. Өлім жазасы.
5. Жаза тағайындаудың жалпы бастаулары.
6. Жазаны даралау.

**Бақылау нысаны: жазбаша****ПӘННІҢ АКАДЕМИЯЛЫҚ САЯСАТЫ**

Жұмыстардың барлық түрін көрсетілген мерзімде жасап тапсыру керек. Кезекті тапсырманы орындамаған, немесе 50% - дан кем балл алған студенттер бұл тапсырманы қосымша кесте бойынша қайта жасап, тапсыруына болады.

Орынды себептермен зертханалық сабақтарға қатыспаған студенттер оқытушының рұқсатынан кейін лаборанттың қатысуымен қосымша уақытта зертханалық жұмыстарды орындауға болады. Тапсырмалардың барлық түрін өткізбеген студенттер емтиханға жіберілмейді

Бағалау кезінде студенттердің сабақтағы белсенділігі мен сабаққа қатысуы ескеріледі.

Толерантты болыңыз, яғни өзгенің пікірін сыйлаңыз. Қарсылығыңызды әдепті күйде білдіріңіз. Плагиат және басқа да әділсіздіктерге тыйым салынады. СӨЖ, аралық бақылау және қорытынды емтихан тапсыру кезінде көшіру мен сыбырлауға, өзге біреу шығарған есептерді көшіруге, басқа студент үшін емтихан тапсыруға тыйым салынады. Курстың кез келген мәліметін бұрмалау, Интранетке рұқсатсыз кіру және шпаргалка қолдану үшін студент «F» қорытынды бағасын алады.

Өзіндік жұмысын (МӨЖ) орындау барысында, оның тапсыруы мен қорғауына қатысты, сонымен өткен тақырыптар бойынша қосымша мәлімет алу үшін және курс бойынша басқа да мәселелерді шешу үшін оқытушыны оның келесі офис-сағаттарында таба аласыз:

Әріптік жүйе бойынша бағалау	Балдардың сандық эквиваленті	% мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
А	4,0	95-100	Өте жақсы

A-	3,67	90-94	Жақсы
B+	3,33	85-89	
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз
I (Incomplete)	-	-	Пән аяқталмаған (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
P (Pass)	-	-	«Есептелінді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
NP (No Pass)	-	-	«Есептелінбейді» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
W (Withdrawal)	-	-	«Пәннен бас тарту» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AW (Academic Withdrawal)			Пәннен академиялық себеп бойынша алып тастау (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
AU (Audit)	-	-	«Пән тыңдалды» (GPA есептеу кезінде есептелінбейді)
Атт-ған		30-60 50-100	Аттестатталған
Атт-маған		0-29 0-49	Аттестатталмаған
R (Retake)	-	-	Пәнді қайта оқу

Кафедра мәжілісінде қарастырылды

№ \_\_\_\_\_ хаттама « \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 2015 ж.

**Кафедра меңгерушісі**  
З.Ғ.Д., профессор

**Джансараева Р.Е.**

**Дәріскер**  
З.Ғ.К., профессордың м.а.

**Атаханова Г.М.**